



## **Инвестициялық жобаларды бағалау және іріктеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның жұмыс қорытындысы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 17 қазан N 1282

Импортты орналастыруға және экспортқа бағдар алған шағын және орташа бизнес кәсіпорындарын қолдау мен дамытуға арналған "Қазақстан Республикасының Үкіметі 1996 жылы жүргізетін тез қайтымды инвестициялық жобаларды конкурстық іріктеуді ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 маусымдағы N 733 P960733\_ қаулысын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жобаларды іріктеу жөніндегі жұмыстарды екі кезеңде өткізу тәртібі мен бірінші кезеңде конкурстық іріктеуден өткен өзін тез өтейтін сатып алынатын инвестициялық жобаларды қаржыландыруға 12824.38 (он екі миллион сегіз жүз жиырма төрт мың үш жүз сексен) АҚШ доллары сомасында қаржы бөлу туралы ведомствоаралық комиссияның инвестициялық жобаларды бағалау және іріктеу жөніндегі ұсынысы мақұлдансын.

2. Бірінші кезеңде конкурстық іріктеуден өткен және 1996 жылы

қаржыландыруға ұсынылатын өзін тез өтейтін инвестициялық жобалардың ұсынылып отырған Тізбесі мақұлдансын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіпке сәйкес жобаларды қаржыландыруды жүзеге асырсын.

4. Инвестициялық жобаларды бағалау және іріктеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия конкурсқа түскен жобаларды іріктеу жұмысын одан әрі жалғастырсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 17 қазандағы  
N 1282 қаулысына  
қосымша

Конкурстық іріктеудің бірінші турынан өткен және  
1996 жылы қаржыландыруға ұсынылған өзін тез өтейтін  
инвестициялық жобалардың тізбесі

Уәкілетті банктердің атаулары	Жобаның атауы және оның орналасуы	Алушы
1	2	3
"Центробанк" ҚАОБ	Ұн тартатын өндірісі, Қапшағай қаласы, Алматы облысы	"Бикко" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Алматы қаласы
	Бидайды ұн, макарон және және нан-бөлке бұйымдарына ұқсату жөніндегі өндірісті ұйымдастыру, Рудный қаласы, Қостанай облысы	"МИД" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Рудный қаласы, Қостанай облысы
	Ұн тарту, макарон және нан пісіру өндірісі, Шучинск қаласы, Көкшетау облысы	"Агроөнім фирмасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Шучинск қаласы, Көкшетау облысы
	Күздік бидайдың таңдаулы тұқымын өндіру және өңдеу, Түрген селосы, Алматы облысы	"Түрген" жеке агроөнеркәсіп фирмасы, Түрген селосы, Алматы облысы
	Терезелер мен есіктерге арналған кесінділер дайындау өндірісі, Алматы қаласы	"Реиз" холдинг компаниясы" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы
	"Жібек жолы" туристік фирмасының өндірістік базасын дамыту, Алматы қаласы мен Алматы облысы	"Жібек жолы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Алматы қаласы

Мақтаны ұқсату жөніндегі "Қоңырат" акционерлік  
Жетісай заводы Жетісай қоғамы, Жетісай поселкесі,  
поселкесі, Оңтүстік Оңтүстік Қазақстан облысы  
Қазақстан облысы

Ауылшаруашылығы өнімдерін "Сана халықаралық"  
ұқсату Талдықорған облысы жекеменшік ассоциациясы,  
Талдықорған қаласы

КПОБ "Центребанк" бойынша барлығы

"Тұранбанк" Диірмен кешеніне арнап "Қостанайтара"  
ҚАБ ыдыс цехын қайта құру, Акционерлік қоғамы,  
Қостанай қаласы Қостанай қаласы

"Комонабстрой" АҚ-да қатты "Комонабстрой" АҚ-ы,  
пластикадан терезе және Алматы қаласы  
есік шығырларын өндіруді  
кеңейту, Алматы қаласы

"Мерей" сауда орталығы, "Мерей" акционерлік  
Алматы қаласы қоғамы Алматы қаласы

"Тұранбанк" ҚАБ бойынша барлығы

"Казкоммерцбанк" Сыра өндіру жөніндегі "Саян" жауапкершілігі  
ОАҚ шағын зауытты іске қосу, шектеулі серіктестігі,  
Семей қаласы Семей қаласы

Шараптарды құятын ыдыс "Есік шарап зауыты" АҚ-ы,  
және оларды орау желісін Есік қаласы  
жетілдіру, Есік қаласы

Күнбағыс майын құюға "Май" Акционерлік қоғамы,  
арналған құрал жабдықтарды Өскемен қаласы  
сатып алу, Өскемен қаласы

"Алкон-Нан" ЖШ "Алкон-Нан" жауапкершілігі  
серіктестігінде ұн шектеулі серіктестігі  
өндіруді кеңейту ("Байсерке" НПО), Байсерке

мақсатында диірмен сатып поселкесі, Алматы облысы  
алу, Байсерке поселкесі,  
Алматы облысы

"Қазкоммерцбанк" САҚ бойынша барлығы

Қазақстан Қызылорда облысында "Арал" ұжымдық шағын  
Эксимбанкі қолдан тоқылатын кілемдер кәсіпорны, Алматы қаласы  
өндірісін ұйымдастыру

Жылу мен шу өткізгіш "Маман" акционерлік  
материалдарын өндіру, қоғамы, Шымкент қаласы  
Шымкент қаласы

Машина жүргізу "Латон" жауапкершілігі  
куәліктері мен шектеулі серіктестігі,  
техпаспорттарды әзірлеу Алматы қаласы  
өндірісін ұйымдастыру,  
Алматы қаласы

Қазақстан Эксимбанкі бойынша барлығы

БАРЛЫҒЫ 18 жоба:

Кредит	Бұдан	Жоба	Өтеу	Қысқаша негіздеме
сомасы,	басқа	бойынша	мерзімі,	
мың АҚШ	өзінің	пайданың	жыл	
доллары	қаражаты	ішкі		
	мың АҚШ	нормасы		
	доллары	(IRR)%		
4	5	6	7	8
260	130	35	1,5	Экспортқа бағдарланған, жоғары тиімділікті ұн тарту өндірісін құру
1000	255	70	1,5	Халықты сапалы тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету
1000	734	26	2,0	Бұл да солай

606,7	710	80	1,5	Өнімділігі 3-4 есе артатын "Элита" тұқымын өсіру және сату
507	348	73	1,5	Қатты поливинилхлоридтен жасалған терезелер мен есіктерге арналған кесінділер шығару өндірісін құру
500	15	18,7	2,0	Алматы облысының Жібек жолы бөлігі бойынша халықаралық туризмнің инфрақұрылымдарын дамыту; 1996 жылғы 2 сәуірдегі N 17-36/3396 бойынша жобаны алғашқы кезектегі инвестициялық желіге енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы
1000	2099	536	1,0	Жоғары сапалы мақта шикізатын ұқсатуды ұйымдастыру
678,7	55,2	72	2,0	Халықты сапалы тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету
5552,4				
206	114	60,5	1,4	Халықты сапалы тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету
600	150	28	2,0	Қатты пластикадан жасалатын осы заманғы құрылыс материалдарын өндіруді ұйымдастыру
800	200	87	1,5	Орташа қамтамасыз етілетін тұрғындар үшін ХТТ-мен рынокты молықтыру
1606,0				
850	288	31	2,0	Халықты жоғары сапалы сусындармен қамтамасыз ету
1000	400	30	2,0	Өндірісті жетілдіру
750	250	54	2,0	Осы заманғы автоматтандырылған өндірісті ұйымдастыру
1000	500	61	1,4	Экспортқа бағдарланған тиімділігі жоғары өнімдерді шығару

3600,0				
65,98	3,6	158	2,0	Экспортқа бағдарланған ХТТ-мен рынокты молықтыру
1000,0	143,0	80	2,0	Мақтаны қайта өңдеу қалдықтарынан жасалатын экологиялық таза жылу шу өткізгіш материалдарын өндіруді ұйымдастыру
1000,0	1468,3	40	2,0	Куәліктерді беру және көлік құралдарын тіркеу мәліметтері жөніндегі ақпараттық банк құру
2065,98				
12824,38				